

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Балдәурен» шағын орталығы

Топ: «Айгөлек» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 16-20 қазан айы, 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 17.10.2023ж	Сейсенбі 18.10.2023ж	Сәрсенбі 19.10.2023ж	Бейсенбі 20.10.2023ж	Жұма 21.10.2023ж
Балаларды қабылдау	Міндеті: тілдік дамытушы орта қалыптастыру. «Сыңғырла, қоңырау» Мақсаты: балалардың көңіл-күйін көтеру, жағымды эмоционалды орта құру. (Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)	Міндеті:балалардың құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау. Сиқырлы сөздермен қарсы алу (көйлегің қандай әдемі т.б) Мақсаты: балаларды сыпайы сөйлеуге тәрбиелеу. (Қазақ тілі, көркем әдебиет)	Міндеті:бақылау арқылы қоршаған ортадағы заттардың пішінін, шамасын ажыратуға үйрету. Дидактикалық ойын:«Жұбын тап» Мақсаты: «жүп» ұғымын бекіту. (Математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру)	Міндеті:Балалардың бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге үйрету. «Қонаққа келген қуыршақ» Мақсаты: балалардың өзара ана тілінде анық сөйлесуге үйрету. (Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Міндеті: балалардың жаттығуларды орындауға қызығушылықтарын ояту; «Нейрожаттығулар» Мақсаты: қол саусақтарының үйлесімді қимылын дамыту. (Музыка,дене шынықтыру)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың сұранысыбойынша кеңес беру (жеке)	Баланың басқа балалармен қарым – қатынасы жайлы әңгіме	Баланыңденсаулығыжайлыәңгіме	Топтық іс-шаралар мен меркелер жайлы әңгіме	Баланың көңіл күйі туралы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,	Міндеті: Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру.	Міндеті:құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін:	Міндеті: суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде	Міндеті: Кітаптарға қызығушылықты ояту. Көрген суреттері бойынша өз ойын	Міндеті:бақылау арқылы қоршаған ортадағы заттардың пішінін, шамасын

<p>үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Зат неге ұқсайды?» Мақсаты: Геометриялық денелер мен фигуралар туралы білімдерін бекіту; айналадағы заттардың геометриялық пішінін ажырата білу дағдыларын дамыту. (Математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру)</p>	<p>текшелерді атауға және қолдануға үйрету. Дидактикалық ойын: «Үйдің құрылыс ретін көрсет» Мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту. (құрастыру, математика негіздері)</p>	<p>айта білуге, бір-бірінің пікірлерін тыңдауға үйрету. «Сиқырлы суреттер» Мақсаты: (Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту қазақ тілі)</p>	<p>айтуға баулу. Жұмбақтар: Бензинді сүт сияқты ішеді. Алысқа жүгіре алады. Тауарлар мен адамдарды тасымалдайды. Сіз оны білесіз, әрине. (Көлік) Мақсаты: Балаларға жұмбақ туралы білім беру. Шығармашылық халық ауыз әдебиетімен таныстыру. (Көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)</p>	<p>ажыратуға үйрету. Дидактикалық ойын: «Биік пе әлде аласа ма?» Мақсаты: биік-аласа ұғымдары туралы түсінік қалыптастыру. (Математика негіздері, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</p>
<p>Таңертеңгі жаттығу</p>	<p>Таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау. Шеңбер бойымен денені тік ұстап, адымдап жүру. Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. Б. қ: «Ара ұшты» Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. Басты оң иықтан сол иыққа қарай, сол оңға қарай иілту. «3-3-3» деп айту. / 5 рет / Б. қ.: «Айдаһардың құйрығы» Аяқтары алшақ қойылған, қолдары бүйірде, оңға - солға бұрылу, Әр бұрылған сайын «көрдім» деп айту. / 6 рет қайталау / Б. қ.: «Қайшы» Аяқтары алшақ қойылған, Қолды алдыға созып, оң қолмен сол қолды айқастырып, қайшылау. / 6 рет қайталау /</p>				

	<p>Б. қ.: «Қоян қашты» Аяқтарын біріктіру. Қолдарын қоянның аяғына ұқсату. Орнында секіру. /15-20 секунд/ Қорытынды: «Айналу» - бір - бірінің қолынан ұстай отырып, айнала жүгіру. Шеңбер бойы маршпен жүру.</p>				
Таңғы ас	<p>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Асың, асың, асына, <p style="text-align: center;">Бақыт қонсын басыңа, Дастарханың мол болсын, Көңіл күйің жай болсын. Астарың дәмді болсын!</p> Ботқаны тауысып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету.</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалар әсерлерімен бөлісу, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау (Сөйлеуді дамыту)				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеті	<p>Денешынықтыру Тақырыбы: «Доптар мектебі» Міндеті: Дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту. Негізгі қимыл түрлері: лақтыру мен қағып алуды орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру. ҰІӨ барысы: Жалпы жетілдіруші жаттығу түрлерін</p>	<p>Дене шынықтыру Тақырыбы: «Кім епті?» Міндеті: Дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту. Негізгі қимыл түрлері: еңбектеу мен өрмелеудің қарапайым дағдыларын жетілдіру. ҰІӨ барысы: Жалпы жетілдіруші жаттығу түрлерін орындар</p>	<p>Музыка Міндеті: Маман жоспарына сәйкес</p>	<p>Дене шынықтыру (таза ауада) Тақырыбы: «Ақ қоян» Міндеті: Дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту. Негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, секіруді орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру. ҰІӨ барысы: Жалпы жетілдіруші жаттығу түрлерін орындар (доптармен) Негізгі қимыл</p>	<p>Қазақ тілі Тақырыбы: «Сиқырлы әлемге саяхат» Міндеті: сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу. «Сиқырлы әлемге саяхат» Шаттық шеңберінде балалар достарын</p>

	орындар (доптармен) Негізгі қимыл жаттығуларын орындау: -Допты лақтыру. -Допты қағып алу. Қимылды ойын:«Менің зымыраған көңілді добым» Ойын шартымен таныстыру Мақсаты:лақтыру мен қағып алуға үйрету. Тыныс алу: «Әдемі гүлдіңісі» (Қолдарындағы гүлдерді иіскеу) Еркін ойындар ойнау.	(доптармен) Негізгі қимыл жаттығуларын орындау: -Кедергілер астынан еңбектеу. -Өрмелеу. Қимылды ойын: «Бақшада» Ойын шартымен таныстыру Мақсаты: негізгі қимыл түрлеріне үйрету. Тыныс алу: «Шарлар» (Қолдарындағы шарларды үрлеу) Еркін ойындар ойнау.		жаттығуларын орындау:-Жай жүру. -Бірқалыпты жүгіру. -Секіру. Қимылды ойын:«Ақ қоян» Ойын шартымен таныстыру Мақсаты:жылдамдыққа, мықтылыққа баулу. Тыныс алу: «Терең тыныстайық» Еркін ойындар ойнау.	аттарымен атап,қазақ тілінде сәлемдеседі. «Сыпайы сөйлейік» көпірі. Балалар ересектер көмегімен бір-біріне сыпайы сөздер айтады. «Сиқырлы қақпа» Қақпадан өту үшін өтініш сөздер қолданады. «Соңғы аялдама» Балалар өз алған әсерімен бөлісіп, ырзашылықтарын білдіреді. (көркем әдебиет)
Серуенгедайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық – ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен кіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет етуде ағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.				
Серуен	Серуен №11 Күнді бақылау. Мақсаты: Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле (жарық) оның бүкіл табиғат үшін	Серуен №12 Тұманды бақылау. Мақсаты: Күздегі тұманды бақылау, тұманның қайдан пайда болатынын түсіндіру.	Серуен №13 Шықты бақылау. Мақсаты: Күз ерекшеліктерін көрсете түсіндіру, шықтың пайда болу жолы.	Серуен №14 Өткінші жаңбырды бақылау. Мақсаты: Өткінші жаңбыр туралы түсінік беру. Жаңбырдың пайдасы, жаңбыр	Серуен №15 Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау. Мақсаты: Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге де әсер

	<p>пайдалы да қажеттілігін ашу. К/О: «Таяқшадан аттап өт» Мақсаты: Жылдамдыққа, ептілікке баулу. (Дене шынықтыру) Еңбек: Гүл шоғы. Мақсаты: Алаңдағы жапырақтарды жинап, олардан әдемі гүл шоғын жасау. (Қоршаған ортамен таныстыру) Жеке жұмыс: «Бағдаршам» Мақсаты: Бағдаршаммен таныстыру. Жолда жүру ережелерін түсіндіру. Е.Өтетілеуұлы «Бағдаршам» Сақта көше тәртібін Бағдаршамның ал «тілін» Біліпт алдым мен де: Жасыл жанса, демде Алға кетем лезде. Сары жанса, сабыр Сақтай тұрам әзір. Жанса қызыл</p>	<p>Еңбек: Ағаштардың түптерін қопсыту. Мақсаты: Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға, оларды күтіп –баптауға тәрбиелеу. (Қоршаған ортамен таныстыру) Жеке жұмыс: Мақал-мәтел. Таза болса- табиғат, Аман болар – адамзат. Мақсаты: Мақал жаттату арқылы баланың сөздік қорын жетілдіріп, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың табиғат, денсаулық туралы түсініктерін тереңдету. (Көркем әдебиет) Қимылдық ойын: «Шымшық доп» (Дене шынықтыру) Балалардың өз бетімен ойынын ұйымдастыру:</p>	<p>Еңбек: Ағаш бұтақтарын жинау. Мақсаты: Балалардың бірлесіп жұмыс жасауға баулу, бастаған істерін аяғына дейін тыңғылықты жасауға үйрету. (Қоршаған ортамен таныстыру) Жеке жұмыс: «Менің Отаным» өлеңін жаттату. Отан –менің ата-анам, Отан-досым, бауырым. Отан-өлкем, астанам, Отан-туған ауылым. Мақсаты: Отанын сүйуге, құрметтеуге тәрбиелеу. Патриоттық сезімдерін арттыру. (Көркем әдебиет) Ойын: «Қояндар секіреді». Мақсаты: Қос аяқпен секіруге үйрету. Ептілікке, шапшаңдыққа баулу. (Дене шынықтыру)</p>	<p>жауғанына қарап егістікті, бау бақшаны, саяжайдағы көкөніс, жеміс –жидек бәрін қолдан жауындатып суарудың пайдасын ашып түсіндіру. Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту. Мақсаты: Ағаш түптерін қопсыту арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру. (Қоршаған ортамен таныстыру) Жеке жұмыс: «Еңбекпен ел көгерер, Жаңбырмен жер көгерер». Мақсаты: Мақал үйрету арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру. (Көркем әдебиет) Қимылдық ойын: «Допты қуып жет».</p>	<p>өтетіндігін түсіндіру. Еңбек: «Біздің ойын алаңы» Мақсаты: Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау. Еңбекқорлыққа баулу. (Қоршаған ортамен таныстыру) Жеке жұмыс: Жел тынымсыз гуілдеп, Болып кетті тым бұзық Шуылдайды тал терек, Жапырағын жұлғызып. Мақсаты: Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету. (Көркем әдебиет) Қимылдық ойын: «Айгөлек-ау, айгөлек». Мақсаты: Қимыл-</p>
--	---	--	---	---	--

	шоқтай, Қаламын кілт тоқтай. (Көркем әдебиет) Қ/О: «Үрпек төбет» Мақсаты: Тез жүгіре білуге үйрету, жылдамдыққа, батылдыққа тәрбиелеу. (Дене шынықтыру) Балалардың өз бетімен ойнауы: «Төбешіктен-төбешікке секір» (Дене шынықтыру)	1.Жарысу. 2.Төбешікке секіру. (Дене шынықтыру)	Еркін ойындар.	Балаларды тез жүгіруге үйрету, шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу. (Дене шынықтыру) Қимылдық ойын: «Кім тезірек?» Мақсаты: Секіргішпен секіруге үйрету, секіру қабілетін дамыту, ептілікке тәрбиелеу. (Дене шынықтыру)	қозғалысын дамыта отырып, шапшаңдыққа, ептілікке баулу. (Дене шынықтыру) Балалардың өз бетімен ойын ұйымдастыру: «Қуаласпақ» (Дене шынықтыру)
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарғатұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету (дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жекесүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоюын қалыптастыру. Тамақтану кезінде орындық татикотыру. Астыңдәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану, нан қиқымын шашпай, сорпа мен сусынын төкпей ішуді үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек-орнынтауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет етуде дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка таңдау. (Музыка)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, Сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен кию. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қызбалалардың шаштарын жинауға әрекет жасауын үйрету. (өзіне-өзі қызмет етуде дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Астытауысып жеуге үйрету.				

	(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызметету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>Міндеті: Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру. «Менің үйім» Мақсаты: Әр түрлі түстегі, пішіндегі бөлшектерді сәйкестендіріп құрастырады. (Құрастыру)</p> <p>Міндеті: Кітаптарға қызығушылықты ояту. «Біздің кітаптарымыз» Мақсаты: кітап бұрышын тамашалау, кітаптарға қызығушылық ояту, суретті кітаптарды қарау. (Көркем әдебиет)</p>	<p>Міндеті: Заттық әлемге қызығушылықтарын ойын арқылы арттыру. Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру. «Зат неге ұқсайды?» Мақсаты: текшелерден өздері қалауы бойынша құрастыру. Оның атауы және қасиеттері туралы сипаттап беруге үйрету. (Қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері, құрастыру)</p> <p>Міндеті: балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету. Ойын: «Телефон» Мақсаты: телефон</p>	<p>Міндеті: Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру «Кім мықты?» сайысы Мақсаты: шапшаңдыққа, топпен жұмыс жасауға үйрету. (құрастыру, дене шынықтыру, музыка)</p>	<p>Міндеті: қарапайым заттарды мүсіндеуге үйрету. «Кұстар-біздің досымыз» Мақсаты: бірнеше бөліктен тұратын күрделі емес заттарды, жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру (Мүсіндеу, сурет салу)</p> <p>Міндеті: Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру. «Конструктормен құрастыр» Мақсаты: конструктордан қарапайым заттар құрастыруға үйрету. (Құрастыру, қоршаған ортамен таныстыру)</p>	<p>Міндеті: балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру. «Күзгі жапырақтар» Мақсаты: берілген тапсырма бойынша шығармашылық жұмыстар орындау. (Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)</p>

		арқылы құрдастарымен өз бетінше сөйлесуге, еркін әңгімелесе алуға үйрету. (Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)			
Баламен жеке жұмыс	Айаруға өзі қарапайым құрылыстар тұрғызып оларды атауға үйрету.	Аялаға қысқа өлеңдерді анық, асықпай айтуға, әр сөзді дұрыс айтуға үйрету.	Ибрагимді қоршаған ортаға қамқорлық жасауға, қауіпсіздік ережелеріне үйрету.	А.Каусарға 3-5сөзден тұратын тіркестерді, сөйлемдерді айтуға үйрету, жол белілерін жаттату.	Жангүлге қарапайым пазлдарды дұрыс жинауға үйрету. Көлік атауларын дұрыс және нақты айтқызу.
Серуенгедайындық	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; Серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				
Серуен	Серуен №11 Күнді бақылау.	Серуен № 12 Тұманды бақылау.	Серуен № 13 Шықты бақылау.	Серуен № 14 Өткінші жаңбырды бақылау.	Серуен № 15 Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау.
Балалардыңүйгеқайтуы	Баланың бүгінгі көңіл-күйін баяндау.	Баланың бүгінгі тәртібі жайлы әңгімелесу	Баланың бүгінгі жетістігі жайлы әңгіме	Ауа райына байланысты баланың киімі туралы әңгіме	Алда болатын іс-шараларға қатысты әңгіме